ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 11 тамыз №5165-23-00-2/1697 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Рүстем, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ырыс» микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «AAA-group» Калтаев Алиби Сайратович.

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:

1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану.
2. Тұрақсыздық айыппұлды өндіру.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Ырыс» микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «AAA-group» Калтаев Алиби Сайратович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «AAA-group» Калтаев Алиби Сайратовичтен мемлекеттің пайдасына 5 396 (бес мың үш жүз тоқсан алты) тенге тұрақсыздық пен 1 886 (бір мың сегіз жүз сексен алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Құжатқа қол қойылған: Рустем Б. М., 14.08.2023

Заңды күшіне енгені туралы 22.09.2023 Сулы Рустем Б. М. 26.09.2023

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруге мүмкін.

Судья **Б.Рүстем**

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 14.08.2023

Электрондық ақпараттық ресурс: 20.09.2023 Судья Рүстем Б. М., 26.09.2023

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ «ТӨРЕЛІК» Сот өндірісі «Судопроизводство» МАҚСАТТЫ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕ «ТӨРЕЛІК»

5165-23-3-1/1843